



## Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарға қызмет көрсету тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 9 қарашадағы N 1496

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарға қызмет көрсету тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 9 қарашадағы  
N 1496 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші  
банкінің төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарға  
қызмет көрсету тәртібі туралы  
Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі/бұдан әрі - Медетші банкі/ өз қызметіне "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444\_ Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы Заң күші бар Жарлығын, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 наурыздағы N 2154 К952154\_ қаулысын, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25

сәуірдегі N 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің Жарғысын басшылыққа алады.

2. Медетші банкі төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарға қызмет көрсеткен кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банкілік операциялар жүргізуге берген лицензияда және оның Жарғысында көрсетілген банкілік операцияларын жүзеге асырады.

3. Осы Ереже төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыру кезіндегі өзара қарым-қатынастардың негізгі сипаттарын айқындайды.

## II. Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру

4. Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді Медетші банкінің банк-агенті жүзеге асырады. Медетші банкінің тапсырмасы агенттік келісім негізінде төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын банк банк-агент болып табылады; келісімге сәйкес Медетші банкі тапсырма береді, ал банк-агент кәсіпорындарға қызмет көрсету жөнінде өзіне міндеттеме қабылдайды.

Медетші банкінің банкілік қызмет көрсетуіне берілген төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындар қаржы операцияларын жүргізу үшін банктердегі-агенттердегі ағымдық, есеп шоттарын пайдаланады. Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Медетші банкінің банк-агентіне қызмет көрсетуге көшіру қажет болған жағдайда есеп шотын ашу мен жабу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 1993 жылғы 25 маусымдағы N 127 нұсқаулығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқа да нормативтік актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Агенттік келісімі негізінде банк-агент пен оның филиалдары өздеріне төмендегідей міндеттемелерді қабылдайды:

Медетші банкіне берілген кәсіпорындардың есеп-шоттарын жүргізеді;

Медетші банкінің өкілімен келісе отырып, кәсіпорындардың есеп айырысуын жүзеге асырады;

оларға кассалық қызмет көрсетеді;

мерзімдік, ақылық, қайтарымдық шарттарымен Медетші банкінің кредиттік ресурстары есебінен қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттер беру жолымен кәсіпорындардың қаржыландырылуын жүзеге асырады;

Медетші банкінің тапсыруы бойынша күрделі қаржыға ақша бөледі;

Медетші банкіне берілген кәсіпорындарының құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөнінде қызмет көрсетеді;

Медетші банкінің тапсыруы бойынша сенім операцияларын жүзеге асырады және

егер бұл операциялар Медетші банкі мен банк-агентке берілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензияларында көзделген болса, банк операциялары жөніндегі басқа да қызметтерді көрсетеді.

5. Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың несиелік есеп шоттарын және олар бойынша берешекті аудару үшін Медетші банкіде әрбір кәсіпорын бойынша және несиелік берешектің әрбір түрінде жеке несиелік есепшоттары ашылады.

Қызмет көрсетуші банктер берілген, бірақ метзімінде өтелмеген, олар бойынша берешегі Медетші банкінің шотына аударылған кредиттік шарттарды Медетші банкіне тапсырады. Осы сәттен бастап кредиттерді өтеу мәселелерін шешетін Медетші банкі мен төлем қабілеті жоқ кәсіпорын шарттық міндеттеме қабылдаған тараптар болып с а н а л а д ы .

Кредиттік шарттарды қабылдау-тапсыру үш дана етіп жасалған акті бойынша жүзеге асырылады. Бірінші данасы кәсіпорынға жіберіледі, екіншісі - банк-агентке қалдырылады, үшінші данасы - Медетші банкіне беріледі.

Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорын кредиттер бойынша берілген бүкіл берешекті және есептелген, бірақ ол бойынша келісілген мерзімде өтелмеген проценттерді өтеу жөнінде Медетші банкіне тапсырылым-міндеттеме тапсырады.

### III. Медетші банкінің өкілінің өкілеттігі

6. Медетші банкі оған бюджет алдындағы кредиттік берешегін берген сәтінен бастап төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың қаржылық жағынан басқарылуына б а қ ы л а у ж а с а й д ы .

Медетші банкі әрбір төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорында қаржы жағдайын бақылау жасайтын өзінің өкілін тағайындайды. Өкіл Медетші банкі басқармасы төрағасының бұйрығы тағайындалады және Аймақтық өкіл туралы ереже негізінде і с - қ и м ы л ж а с а й д ы .

Медетші банкі өкілінің, шоттардан алуды немесе қаражатты қолма-қол алуды, сатып алынған тауар-материал құндылықтарына, көрсетілген қызмет үшін ақша төлеуді , активтерді жұмсауды қосқанда, төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорынның барлық қаржы операцияларын басқаруға уәкілдігі болады. Медетші банкі өкілі төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарға бақылау жасайды және олардың төлемдік құжаттарына қол қ о ю ғ а қ ұ қ ы б а р .

Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорынның басшысы мен бас бухгалтері қол қойған төлемдік және басқа да қаржы құжаттарында Медетші банкі өкілінің қолы болғанда ғана оларды банк-агент орындауға қабылдайды. Банкілік өткізу құжатында Медетші банкі өкілінің қолы жоқ екені анықталғанда банк-агент немесе оның филиалы келтірген мүліктік зиян үшін жауапты болады.  
М е д е т ш і б а н к і ө к і л і н і ң :

